



Арқалық қаласындағы
№2 Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы
Абонемент бөлімі.

Өшпестей із қалдырған бұл өмірде

*Ізінің асқақ талантымен әдебиет әлемінде айқын із қалдырған
қаламгердің бірі- Ақан Нұрмановтың 80 жылдығына орай/*

Әдістемелік құрал



Арқалық 2014

Құрастырушыдан

Әр заман мен әрбір орта өз тұлғаларынан оқ бойы озық тұрған дара тұлғаларды өмірге әкелетіні әлмисақтан аян. Әсіресе, ұлысымыз тәуелсіздіктің үкілі байрағын тұғырға түптеп қондырып, барын бағалап, жоғын түгендеген аламан ғасырымызда қазақ елінің тарихында мәңгі өшпейтін із қалдырған ерен тұлғалардың жаңа қырынан мейілінше жарқырай көрінетіні де сондықтан. Өткен ғасырдың 60- жылдарында қайталанбас мәнерімен қазақ әдебиетінің табалдырығын аттаған , қасиетті қарт Торғайдың топырағынан нәр алған Ақан Нұрмановта –оқшау туған танымал тұлғалардың бірі .

Осы Ақан Нұрмановтың 80жылдығына арнап №2 Облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының абонемент бөлімі «Өшпестей із қалдырған бұл өмірде» атты әдістемелік құралды оқырман қауымға ұсынып отырмыз.

Аталған әдістемелік құралда кітапхана қорындағы материалдар енгізілген.

Әдістемелік құрал студенттерге , жазушының шығармаларын зерттеушілерге, оқырмандарға ақпараттық қызмет көрсеткенде, тақырыптық сынып сағаттарын жасаған кезде қолдануға болады.

Өшпестей із қалдырған бұл өмірде

(көрме)

Өшпестей із қалдырған бұл өмірде

(көрме)



Ағып өткен жұлдыздай

Нағыз талант таңдай атқан нұрланып,

Бір-бір жұлдыз ел көгінде тұр жанып.

Әруақ бо арамызда жүр бүгін,

Отыз бесте қыршын кеткен Нұрманов.

Ж. Сомжүрек

Ақан әлі оқырман жүрегінде

Әдебиетімізге жарқырап келді де жоқ болды. Артында кітаптары қалды. Жолдастары айтып жүретін азаматтық қасиеті , жақсы мінездері қалды.

Ақанның тыныс, Ақанның құлашы кең...

М. Кеңбейілов

Шын шер ,шын құбылыс

Қазақ әдебиетінде өзіндік үн, қолтаңбасымен келен ірі жазушылардың бірі Ақан Нұрманов еді . Амал не, ол дүниеден ерте кетті. Бірақ, осы аз ғұмырының ішінде «Құланның ажалы» атты ғажайып роман мен бірнеше повесть, әңгімелер жазып үлгерген. Ақан әлі оқырман жүрегінде.

М. Кеңбейілов

Өшпестей із қалдырған бұл өмірде
КЕШ-ДИАЛОГ

Мақсаты: Жергілікті жазушы Ақан Нұрмановтың шығармашылығын насихаттау, оқырмандарға патриоттық тәрбие беру, ақын шығармаларымен таныстра отырып оларды Отанды, туған жерді сүйе, қастерлеуге, қайсарлыққа тәрбиелеу

Көрнекілігі: Слайд-презентация, кітап-көрме, жазушының портреттері.

Серік Тұрғынбеков «Үндемі өткен адам» оқитын- *Сағынтаев Батырлан*

Үрдісі уақыттың тоқтамаған,
Жанарын келешекке көп қадаған.
Бар сырын ақ қағазға үйіп төгіп,
Үндемей бұл өмірден өткен адам.

Қайтерсің ажал деген қыл-құрықты,
Жан еді әр ісіне тыңғылықты.
Ұрандап, бәз біреудей айқайламай,
Бәрінде үндемей-ақ тындырыпты.

Үндемеу-ұлылықтан қалған мұра,
Ескеріп өшкенді де, жағанды да.
Тек қана қаламына арқа сүйеп,

Тер төгіп, еңбек етті , таңғалдыра!

Жат жұрттан жап шегіп, жаза көрген,
Сырласып, Кейкідейін, азалы ермен.
Өз мұңы өзектегі, өзін өртеп,
Үндемей жаза берген, жаза берген...

Үндемей жаза берген жалықпастан,
Әуелден үндемеуге қалыптасқан.
Келуі дүниге оңай емес
« Құланның ажалынадай» алып Дастан.

Роман-бұзу үлкен бекіністі.
Жүректің алаулаған оты күшті.
Кейкіні ажалына қимай жүріп,
Кетуі, одан бұрын-өкінішті.
Сезімді түгендейін желе бермей,
Еңбегім елім бүгін еленгендей...
Жар етіп, қыз Жібекке қосылғанмен,
Қызығын көре алмады Төлегендей.

Ешкімде құлата алмас емендерді,
Тамырын тартқан кезде тереңге енді.
-Әттең ай, Ақан тірі жүрген болса,

Көрер ек « мың мықтымын» дегендерді

Бұл күнде жүрек күпті, көңіл алаң.

Бәрібір өзгермейді өмір одан.

Кетпейді жадымыздан жалғыз Ақан,

Жазғандар ойға түспей он роман.

Жатпай-ақ ешкімменен ақылдасып,

Баиырмен кетті бірден мақұлдасып.

Кейкіні енді бүгін кейіпкер ғып,

Жатырмыз жан-жағынан жапырласып.

Жүргізуші: Қайырлы күн , қадірменді кітап сүйер қауым!

Әрбір қаламгер-қайталанбас құбылыс.

Қазақ жазушысы, қазақ әдебиетінің таңдаулы 100 романының бірі «Құланның ажалы» романының авторы жерлесіміз Нұрманов Ақан Шайдахметұлының туғанына 80жыл толуына орай «Өшпестей із қалдырған бұл өмірде атты» еске алу кешіне қош келіпсіздер!

Болмысы бөлек текті талант 35 жыл ғана ғұмыр кешті. Ол осы найзағайдай қысқа ғұмырында «Құланның ажалы», « Солай болған екен», «Аққу шоғыры», «Ор», «Ымырт», «Күзде ашылған гүл», «Әке», «Айнакөлдегі түн», «Жақсы апа» секілді 30 дан астам әңгімелерін жазған. Оның бұл шырайлы шығармаларын рухтас замандастары «... Салқын сабырға,салиқалы сырға, байсалды ойға толы» деп бағалаған еді.

Олай болса бүгінгі кешімізге салиқалы ой, ескіrmес естелік ұрпаққа байсалды да, байыпты ой айту үшін шақыралған құрметті қонақтармен таныстыруға рұқсат етіңіздер!Ендеше Ақан ағаның ұрпақтары қазіргі таңда

осы әулеттің үлкені Төлеу Нұрманов, Ақан ағаның інілері Қаратай, Сүгірбай Нұрмановтар және Ораз ағай ортамызда.



Арқалық қаласының ардагерлер одағының басшысы , жазушының замандас досы Ақан Кәки Шәріпұлы, Арқалық қаласының құрметті азаматы , мәдениет қайраткері Өмірбеков Жұмағали Сүлейменұлы

Сонымен қатар Арқалық Мемлекттік педагогикалық институтының аға оқытушысы Ақантанушы Ардақ Абдуллина, Осы институттың филология факультетінің деканы , белгілі айтыскер ақын Айбек Қалиев

Жергілікті ақын Болат Молдашев

Жүргізуші:Торғай киелі жер текті мекен ! Сенің құнарлы топырағыңды кіндік қаны тамған , бал татыған суыңды ішіп, салқын самал ауаңды жұтып, қылышын сертке суарып өскен бабалар, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен билер көріпкей әулиелер он саусағынан өнер тамған шеберлер, суарып салма ақындар жезтаңдай әншілер, нар идірген күйші елінің қамқоршысы саясаткерлер , ғалымдар аз емес, сол үшінде сен киелісің өйткені ол құнарлы топырақтан нәл алған азаматтар қазақ тарихында өшпес із қалдырды.

Шетсіз-шексіз сары дала, адыр алаңқаймен емес, ежелгі қойнауы толы тұнған тарихи шежіресімен, « көпір беріп жіберетіндей » көркем сөзімен танылатын Торғай арғы жағы Шақшақ Жәнібек баба, Шоң би мен ер Жәукенің , бергісі Ыбрай мен Қыпшақ Сейітқұл, Амнқелді мен Әлібимен

Мыржақып, Сырбай мен Ғафу , Кейкі мен Ақанның алтын бесігі ... Бұл есімдердің қайсысы да Торғай тағдырын ту ете алары анық. ...

Бүгінгі сыр-Ақан арқауы.

Өнер көгінде өзгеше сипатты , кесек туынды жасаған тұма талант Ақан Нұрмановтың өмір соқпағы да , шыққан тегі де, зады да бөлек еді.

Ендеше, жазба сөзімді осы жерден тоқтата отырып жұлдыздай ағып өткен аға өмірі жайлы, туған жері, балалық шағы туралы ескірмейтін естеліктің есігін ашу үшін ортаға Ақан ағаның бауыры Қаратай Әбдәхамит ұлын құрметпен шақырып кешіміздің алғашқы сөзін берейік..



Жүргізіші Ақанның әкесі Шайдахмет кезінде өз дәулеті өзіне сай атадан шыға отырып, Алаш қозғалысын қолдаушылардың бірі болғандығынан болу керек .1928 жылдан құдалауға ілініп, Жетісу өңірінен ауа көшуге мәжбүр болған. Ақан сол өңірде , Ақсу ауылында 1933 жылы 30 сәуірде дүниеге келді.

1943 жылы әкесі Шайдахмет соғыста қаза тапқаннан кейін , ата- баба жерінің тұз-дәмі тартып, анасы Калимамен бірге елге қайтып оралған. Ол Торғай облысының Аманкелді ауданы орталығында тәрбиеленіп өсті .1951 жылы Аманкелді орта мектбін бітірді.

Ақан алғашында қазақ тау кен институтында оқыған.

1952 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін түсіп, 1957 жылы журналистика мамандығын алды.

Жүргізуші; .

Қайтпаған шерін батырдың,

Домбыра ғана қайтарды.

Айтпаған жырын ақынның

Домбыра ғана айталды

Ән « Домбыра» орындайтын Жұмаханова Айымкүл



Жұмаш Сомжүреков «Ақанға арнау» - Оқитын:Жетібай Көбей

Нағыз талант-таңдай атқан нұрланып,

Бір-бір жұлдыз ел көгінде тұр жанып

Әруақ боп ортамызда жүр бүгін



Отыз бесте қыршын кеткен Нұрманов.

Егеменді еркін елде өскендей,
Кейкіге, Ақан, қалам тарттың сескенбей,
Еңбегінді жаңа танып жатыр жұрт,
Елуіңді аттап өтіп ескермей.

Мұңын мұңдап құлан- Кейкі батырдың,
Мың толғанып ұйқысыз таң атырдың.
Болмады ерік ерліктерін жазуға,
Соғысында Ақшығанақ, Татырдың.

Өртенсе де өкініштен өзегің,
Ауызы ауыр үндеместің өзі едің.
Жариялылық заманына жете алмай,
Ерте үзіліп келмей кетті кезегің.

Қара арғымақ қаламыңды жараттың,
Торы арғымақ талантыңа қараттың.
Астанаға торғайлық боп бардың да,-
Ақаны боп қалдың сонда қазақтың.

Жүргізуші: Шығармаларының желісі ширақ, көркемдік эстетикалық әсер айшықты артына мол мұра қалдырған жазушылардың бірі де біргеі Ақан Нұрманов. Бұл күндері арамызда жүрсе жастықтың буыны да бірге келіп, зәһәрдің суын да бірге ішкен достары Қалихан Ысқақ, Әкім Тарази, Сайын Мұратпеков сынды бүгінгі танымал жазушылармен—Ақан ағамыз да бір топ таланттар тобы қатарында болар еді. Талай тамаша туындылар да өмірге келер ме еді.

Жүргізуші: Сыр-сұхбатыңызға рахмет.Енді, Ардақ апай, сіз Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалын» зерттеген адамсыз. Осы роман туралы не айтар едіңіз?

Ардақ Абдуллинаның сөзі:



Ақан Нұрманов қазақ әдебиетінде өз қолтаңбасы қалған қарымды қаламгер. Әсіресе «Құланның ажалы» романы жазушының шығармашылық көкжиегін нұрландырып кетті. Бірақ қатал тағдыр 34 жыл ғана өмір сыйлапты. Өкінішті! Өкініштісі сол кітабын көру де

жазбапты. Жазушы арманы туған елі үшін қан жұтып қасірет шеккен, кіндік қаны тамған жері үшін басын алса да бас тарпаған нағыз ер азамат құланның қасиетін халыққа таныту еді.

Ақан Нұрманов өзінің «Құланның ажалы» романына Кейкі батыр ғұмырын жұмбақ образбен арқау ете отырып, ел басына түскен тауқымет қасыретті жүрек тілімен, сана сәулесімен тереңнен қозғап жеткізеді, атқандақтардың алғашық түндігін ашқан, алғашық шындықты жетізуге атсалысқандардың қатарында.

1916 жылдың дүрбелеңінен соң «ақ» пен «қызылға» бірдей беріспей халық үшін қайратын қылышына жаныған сұрмерген Кейкі батыр Көкембайұлына «баскесер», «бүлікші», «талай большевикті мерт қылды» деген дәлелдермен қуғынға түскен. Ел ақсақалдары «Аманкелді-көз мерген, Кейкі –қол мерген» деп айтып оырғандарын естуші едік. Ал шын мергендік жайында айта түскенде, Кейкіні «сабаздың сілтеген мылтығының тимсей кетпегені болмаушы еді» деп тамсанып айтып оытрушы еді біздің елдің ақсақалдары.

Кезінде Кеңестер жағында «халық жауларына» арналған «Бірге қызмет етйік» деген қағида ны Кейкі батыр қабылдамай, Кеңеске мойынұсынбады. Оның ниеті көбіне алашордалықтармен үндесетін, Талай ел ағалары үгіттесе де, Кейкі батыр айтқанынан қайтпады. Аманеклді батыр да оны:

-Өстіп тау-тас кезіп, банды сияқты жүре бересіңбе, Кеңес жағына өт,- деп үгіттеді. Содан жұрттың бір тобы:

-Кейкі бір тыңдаса, Сарбасовты (Жезқазғанда әскери комиссар болатын, кейін 37-38 жылдары ұсталып, атылып кеткен) тыңдайды,- десті. Сабыр Кейкімен кездесіп әңгімелеседі. Алаш артиясы да Кеңестер жағына шыққандығын айтады. кейкі көп ойланып, толғанып, бұған көнеді.

-Сонда Кейкінің қаруын тапсырып, қарусыз қалған батырды төңірегінде мылтықты жасақтар қоршап келе жатқан кезде айтқан «Кейкінің салауатты» деген өзегін өртеген өлеңін білесің бе?- деді маған бірде шежіре –қарт Әлекең (Әлекең ақасақал-Әлмұханбет Сүлейменов Торғай обылысның Сарыторғай өңіріндегі белгілі Шоң болыстың тұқымы, сабыр Сарбасовтың немере інісі. Отызыншы жылдардың зұламаттарында

ауа көшіп, Қытай шекарасына дейін келген. Әрі өте алмай , Сарқандта қалып қойған. Қазір үрім-бұтақтары, ағайын туыстары сол жерде бір әулет болып, өсіп өркендеп отыр өсіп-өркендеп отыр ақасақал өткен ғасырдың 60 жылдарының бел ортасында

-Жоқ дедеім

Әлекең сөзін жалғады:

-Кейкі батыр(салауатында):

Алыстан мұнар көрінер,

Торғайдың үлкен қаласы..

Білмей, ұстап бердің бе,

Срыбастың сары баласы,-

деп толғағана екен...

Жүргізуші:Рахмет әңгімеңізге, орныңызға жайғассаңыз. Құрметті көрермен қауым енді кезекті Арқалық Жасөспірімдер театрының әртістері дайындаған «Құланның ажалы» романынан үзіндіні тамашаласақ.

Көрініс (15 мин)

Бұл ақанға ата- баба аруағы жүктеген аманаттай сезілетін . Осы жолда ол тыныш тапқан жоқ. Торғай облысының Аманкелді ауданында қызмет жасап жүріп, осы тарихи оқиғаға орай жазуға сарыла отырғаны өмірінің соңғы шыға беріс босағасында жазу столы болатын өйткені аядай екі бөлмеде төрт баладан артылатын басқа орын жоқта деі. Алматыға көшіп келгеннен кейін әркімнің босағасында пәтер жолдай жүріп, осының өзіне қол жеткізгеніне «тәубе » дейтін . Сөйтіп, Ақанның күй талғап жазатын жағдайы болмағандығы түсінікті. Оның сол кезге дейін жазатын әңгімелері мен повестері де осындай қиын да күрделі тұрмыс тіршілігі үстінде өмірге келген еді. Сөйте жүріп, «Аққу шоғыры», «Ол солай болған еді», «Ор» деп аталатын повестері мен әңгімелері арқылы оқырман қауымның жүрегін баурап жұртшылықтың танымал жазушысы атануға жол аша бастады.

**Сүгірбай Нұрманов «Адамсың-аңыз, Ақаным менің»оқитын :
Сағаынтаев Батырлан**

Ақанымның табамын ба жалғасын,
Ойға қалам, қолыма қалам алғасын.
Жазғым келіп, жалғасытрам ісіңді-
Шабыт берер сенің сүрген аз жасың.
Отыз төрт жас, 34 жыл ғұмырың,
Осы жылдар қаланды нық тұғырың.
Үндемей-ақ жазып кеттің тағдырдың
Іштен жанып , күйіп болған зығырын.
Өзегіңді өртеп Кейкі тағдыры
Толғандырған қазақ, қыпшақ, сақ жыры...
Билікпен де аралысып үн-түнсіз-
Биік қойдың адамдықтың ар-құнын.
Ұлылардың асқақтатып мәрттерін,
Сойғылапсың шабан аттай мәстегін
Ерте пісіп, дәндерің түсіп танапқа-
Қалғандай өмір –қиылған сабы дәстенің.
Қаныңыз қайнап, миыңа тасып,
Жүрдіңбе аға, өмірде асық.
Абайды жырлап, жадыңа сақтап-
Тағылым толы сөзіне ғашық.
Қол созды неге, сұм ажал-өлім,

Салғанда тыңнан адамдық жолын?
Тосқауыл тосқан дұшпаның жеңіп-
«Шекпенін шешіп, кигіздің тонын».
Кеңестік дәуір қотырын қасып,
Торғайдай толқып, кемерден асып.
Жүргенде әлде, замана тасы
Қалдыма қағып, белеңнін басып.
«Көкейде Қыпшақ Құланның ұлы,
Пендесін құдай, алланың құлы-
Кейкінді қалай ақтауың қажет,
Кеңестің жауы, қарақшы-ұры?...»
Жаздың да аға, құдайың қолдап,
Кейкіні қылдың Құлан қып сомдап.
Тағдыры Кейкі жазыларма еді-
Кітап боп талай, шығатын томдап.
Балапан қаз боп, ұштыңда биік,
Жеріңді көктен, қызықтап сүйіп.
Қыран боп елге қонаға келдің-
Мүсінің тастан мәңгіге құйып!
Торғайың елің, Байғабыл белің,
Еске алар жылда өзіндей ерін.
Жадында жұрттың мәңгілік қалған-
Үнсіз боп өткен, үндемес серім!
Отырмын сені аңызға теліп,

Тоқтатпай ойды, ғұмырың теріп.

Ертегі – аңыз дейінші сені-

Кейкіні мәңгі қылған соң серік.

Тарихтың тесік жамауын жамап,

Алдың-ау аға тарауын қалап.

Кеңестік сонау қорықпай тезден-

Уында іштің шарапқа балап.

*Мұқағали, Әкім, достарың Сайын,

Қалихан саған құшағын жайып,

Өткен бір белес, қалғандай елес-

Төлкегі тағдыр, кеттің- ау тайып.

«Аумайтын мәңгі, назардан елдің,

Ажалы келмес ескерткіш едің»-

*Рамазан айтқан, көреген болар,

Есіңде халық, тұрарын ердің!

Қаламың ұстап, артыңнан ердім,

Әр сөйлем сөзің, әрпіңді тердім.

Жүрсемде жырлап, сексенде сені-

«Адам ғой- аңыз», -Ақаным дедім!

Келесі сөз кезегін Арк.МПИ-филология факультетінің деканы

Айбек Киікбай ұлына берейік.



Жүргізуші: Тағдыр тәлкегі ме? Жоқ, алде Махамбетше жырласақ: «сағағына сары шіркей үймелеп, жау іздеген ерлердің басы қайда қалмаған?» дегендей қапылыстамерт болды ма? Бұл Ақан Нұрмановтың бейнелеу көркемдігі, жазу шеберлігі. Дүниеге ақын көзімен қараған Ақандай таланттың қалдырған өшпес мұрасы.....

Ақан Нұрманов – артына әдеби өміршең мол мұра қалдырған қаламгер. Жазушы шығармаларының өн бойынан тарихи тұлғалар мен өз замандасатарының әр қилы тағдырлары мейлінше шынайы, мейілінше ыстық тартып тұрады, туған жері мен өскен елінің көркем суреті баурайды. Шымыр да сырлы сөздерімен оқйрманадыран ой сала баяндайды, кейіпкерлерінің жа дүниесін нәзік сезіндіреді.

Ақан Нұрманов артына туған топырағын өрнектеген тамаша туындылар қалдырды. Қаламгердің ұлтжанды болмысынан, зиялы қасиетінен туындаған әңгіме, повестерінен өз замандастарының асыл қасиеттерімен танысамыз. Ол осы найзағайдай қысқа ғұмырында 30-дан астам әңгімелерін жазған. Онын бұл шырайлы шығармаларын рухтас замандастары «... салқын сабырға, салиқалы сырға, байсалды ойға толы» деп бағалаған еді.

Ақан өзгені де,өзін де қайталамаған қаламгер ретінде жүрегімізде жатталып қала бермек.

Келесі сөз кезегін N2 ОӘҒК-директоры Алма Жақсылыққызына беріледі.Қортындылау .

Жүргізуші: Уақыттарыңды бөліп тыңдағандарыңызға көп рахмет, келесі кездескенше қош сау болыңыздар!!!!



Ақан Нұрманов туралы пікірлер

Төлеубай Ыдырысов

Өзінің асқақ талантымен әдебиет әлемінде айқын із қалдырған қаламгердің бірі Ақан Нұрманов. Ақанды бала кезінен білуші едік. Бесінші , алтыншы класта оқып жүрген кезінде-ақ роман, хикаяттардан бас алмайтын. Қазақ орыс жазушыларының ол оқымаған кітабы, сірә, жоқ шығар еуі едік. Өзі көп сөйлемейтін , ылғи ой құшағында жүретін. Анда –санда бір тіл қатқаны болмаса әңгімеге бос сөзге жоқ еді. Тіпті Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқыған жылдарында семинар сабақтарында сөйлете алмаушы едік. Ал очерк суреттеме жазуға келгенде алдына жан саламайтын. Кейін оқыған қызық әңгімелерімен хикаяттарымен танылды. «Күн ертеңге ауып барады», «Ымырт» әңгімелерін «Аққу шоғыры» хикаятын оқушы жұртылық ұната қарсы алды. Ақанның талантын шарықтатқан кесек туындысы –«Құланның ажалы» деген романы. Бұл романда Торғай даласының қат-қабат оқиғалары шыншылдықпен суреттеледі.

«Өткен ғасырлардың елуінші жылдарының аяғы мен алпысыншы жылдарының басында Қостанай облыстық «Комунизм жолы» газетінің редакциясында менің Ақанмен аз уақыт қызметтес болғаным бар. Газет жұмысының алғашқы қара қазанында ол әдеби жанрларға қалам тартумен қайнады. Бірақ редакциядағы күйбеңнен гөрі өмір шарбаты оны шалғайға, өзі өскен өңір –малды өлкеге, ауыл адамдарының ортасына тартты.

Ол аудандық газеттеде істеді. Бірақ бір сәтке де көңілінің түкпірінде жатқан асыл арманын ұмытқан жоқ. Тіпті ол «Ой-бой, мына табақтай дипломы бар, универсиет бітірген Ақанға не болған ? Ақыры автоклубқа меңгеруші болыпты»-деп кейбіреулердің күңкілін құлағына қыстырған жоқ. Өз мұратының көшіне ілесе берді, қойлы ауылға қана жатып, көненің көз ішкі жан дүниесіне үңілді, есікінің сөздерімен мақал-мәтелдерді қойын дәптеріне қондырумен болды. Сонау Сымтас пен Үрпек бойындағы судың

тұнығына шомылып Көкорй шалғынына ну қамысы мен Сәмбіталының сыбыдырына құлақ түрді. Кебез де кең далада өткен оқиғалар елесіне шомды.

Бүгінде сол ізденіс жылдарының жемісі-Ақынның төл туындылары қалың оқырманның жүрегіне жол тауып, әдебиетіміздің қорына қосылып, асылдың сынығындай қолымызда қалды.

Ия ол үлкен талаппен әдебиет атты рухани әлемінің есігін имене келіп ашты . Сонау «Арайлы таң » жинағының өзінде-ақ қауырсын қанат қаламгер оқырманның ойынан шығып, тұңғыш әңгіме хикаяларымен шаршы топқа талант тошысының берік екенін танытты.Осы туындысымен Ақан өзінің шығарамшылық қадамының тұсауын кесті . Сондықтан да республика жазушыларының 5 съезінде мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қаламгер тахауи Ақан Нұрамновтың «күн ертеңге ауып барады» повесінің жас геройы өз махаббатын қорғау үстінде өз төңірегін, өз ортасын таныды, соған дейін көрмей, танымай келеген көп сырларды аңғарды.

Зейнолла Серікқалиұлы «жылдар сазы » атты кітабынан

Бүгінгі замандастарымздың адамгершілік пәк сезімі , өмірге өз қолымен әкелген ізгілік жұпары –Ақан Нұрамновтың бүгінгі шығармаларының арқауы еді. «арайлы таң», «Аққу шоғыры » кітаптары қарапайым еңбек дамадарының ерлігімен арман-үмітін, қуанышы мен қызығын жырлайтын.

Ақанның тынысы , Ақанның құлашы кең еді. қазақ ауылына жеткен жаңа өмір лебі, сонау жиырмамыншы жылдар шындығы, бір сері адамның басындағы трагедиялық жағдай бейнеленген.

«Құланның ажалы» романның ең соңғы беттерін жаза алмай кетті Ол. әдебиетімізге жарқырап келді де жоқ болды. Артында кітаптары қалды.Жолдастары айтып жүретін азаматтық қасиеті, жақсы мінездері қалды.

Біздің оның басына қоятын құлыптасымыз , өз еңбегіне лайық ескерткіштерміздің бірі- шығармаларын түгел жинақтап шығарып, жұртышылыққа кең таныту, жан-жақты ғылыми көрінісін анықтау.